

**«MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY» АҚ
ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ**



Бакалавриат студенттерінің қорытынды жұмыстарын жазу жөніндегі

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Астана, 2024

Осы академиялық саясат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары негізінде өзірленді және Maqsut Narikbayev University бакалавриат студенттерінің қорытынды біліктілік жұмыстарын жазуға қойылатын жалпы талаптарын қамтиды.

Осы құжат Maqsut Narikbayev University Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитетімен бекітілді
2025 жылғы «24» ақпандағы № 11 хаттама

Осы құжат «Maqsut Narikbayev University» АҚ Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылуға, көбейтілуге және таратылуға жатпайды.

МАЗМҰНЫ

I. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ДАЯРЛАУ	
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН БЕКІТУ ТӘРТІБІ	4
3. САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	6
4. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫ	7
5. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР	7
6. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ	8
II. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ	
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	9
2. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ	10
3. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ	11
<i>1-қосымша</i>	12
<i>2-қосымша</i>	13
<i>3-қосымша</i>	14
<i>4-қосымша</i>	15

I. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ДАЯРЛАУ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қорытынды жұмыс – оқытушының (түлектің) дербес, түпнұсқа еңбегі болып табылады, оның нақты нәтижесі бар және оған қол жеткізу тапсырыс беруші және/немесе ғылыми жетекші тарапынан айқындалады. Қорытынды жұмыс қорытынды мемлекеттік аттестаттау шеңберінде қорғауға ұсынылады және студенттердің практикалық қызметті жүзеге асыруға дайындық деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.
- 1.2. Қорытынды жұмыс дипломдық жоба нысанында орындалады. Ғылыми зерттеулердің барлық тақырыптары құқықтың белгілі бір саласының өзекті мәселелері мен даму үрдістерін негізге ала отырып, Ғылыми мектептер әзірлейтін Research Report тақырыбына сәйкес келеді. Әрбір Ғылыми мектеп әр оқу жылының соңында Research Report дайындайды. Аталған есеп (есептер) белгілі бір тақырып бойынша тұтас зерттеуді білдіреді. Бейіндік бағыттағы магистратура мен бакалавриат студенттері үшін Research Report бір оқу жылы ішінде қалыптастырылады, ал ғылыми-педагогикалық бағыттағы студенттер үшін – екі оқу жылы ішінде қалыптастырылады. Бір Research Report құрамында бекітілетін студенттер мен магистранттардың жеткілікті саны болған жағдайда бірнеше зерттеу тақырыбы қамтылуы мүмкін. Әртүрлі тілдердегі тақырыптардың бір-бірін қайталауы міндетті емес. Research Report тақырыптамасы Ғылыми мектеппен келісіліп, Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитеті тарапынан бекітіледі. Зерттеудің аралық нәтижелерін келесі оқу кезеңінде логикалық аяқталуымен жариялауға жол беріледі. Әрбір Research Report-қа есеп бойынша жұмысты үйлестіретін және құжаттың қорытынды мәтінін қалыптастыратын жетекші бекітіледі.
- 1.3. Дипломдық жоба – зерттеушілік сипаттағы жеке (айрықша жағдайларда – топтық) жұмыс болып табылады және ол өзекті проблеманы (біртектес проблемалар тобын) шешудің немесе ағымдағы оқу жылына арналған Research Report даярлау шеңберінде Ғылыми мектеп қойған нақты міндетті орындаудың аяқталған әрі түпнұсқа нәтижесін білдіреді.
- 1.4. Қорытынды жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде орындалуы мүмкін.
- 1.5. Қорытынды жұмыстың сапасы осы Академиялық саясатта және Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулықта белгіленген сапа менеджменті жүйесі (Quality Assurance) арқылы қамтамасыз етіледі.
- 1.6. Қорытынды жұмыс Maqsut Narikbayev University-дің зияткерлік меншік объектісі болып танылады.
- 1.7. Филип Джессоп атындағы халықаралық ойын сот процестері, Capstone Project, Висмут немесе осындай деңгейдегі өзге де халықаралық конкурстар шеңберінде Университеттің мүдделерін табысты қорғаған білім алушылар оқу курсы мен оқу жылына қарамастан, Жоғары мектеп директорының өкімі негізінде қорытынды жұмысты дайындау қажеттілігінен босатылады. Бұл жағдайда Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының (МАК) отырысында жоғарыда аталған конкурстардың нәтижелері ұсынылады.

2. ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН БЕКІТУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Студентті ғылыми жетекшіге бекіту және дипломдық жоба тақырыбын таңдау рәсімін Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитеті әкімшілендіреді.
- 2.2. Research Report тақырыптары студенттерге 1 қазаннан кешіктірілмей ұсынылады. Тақырыптарды таныстырудан кейін студенттер зерттеу жүргізу үшін Ғылыми мектепті таңдайды және бір ғылыми мектеп шеңберінде Жобаны жазуға жіберілу үшін іріктеуден өтеді. Research Report даярлауға қатысатын

- магистранттар мен студенттердің құрамы қалыптастырылғаннан кейін Ғылыми мектептер тиісті есептің мазмұнын әзірлейді және нақты мәселелер мен тақырыптарды магистранттар мен студенттер арасында бөледі. Әрбір магистрантқа немесе студентке ғылыми жетекші тағайындалады.
- 2.3. Бакалавриат жөніндегі Директордың орынбасары диссертациялар (жобалар) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы ұсынысты қалыптастырып, оны Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитеті мен Университеттің Академиялық және зерттеу кеңесінің қарауына ұсынады. Бекіту нәтижелері бойынша дипломдық жобалардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы бұйрық шығарылады.
 - 2.4. Дипломдық жобалардың ғылыми жетекшілері ретінде Университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатарындағы жоғары білікті тұлғалар тағайындалуы мүмкін. Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитетінің тізіміне немесе Деканның өкіміне сәйкес қалаусыз жетекшілер тізіміне енгізілген, сондай-ақ магистрлік диссертация (жоба) орындалатын тілді меңгермеген тұлға ғылыми жетекші болып тағайындалмайды.
 - 2.5. Дипломдық жобаны даярлауды бақылау ғылыми жетекшіге жүктеледі. Дипломдық жоба бойынша жұмыс студент пен ғылыми жетекшінің жеке консультациялары арқылы бірлесіп жүзеге асырылады.
 - 2.6. Ғылыми жетекшінің міндеттері:
 - a) студентке дипломдық жобаны даярлау үшін қажетті өзекті әдебиеттерді, әкімшілік және сот шешімдерін, электрондық библиографиялық ресурстарды ұсыну, сондай-ақ оларды алуға жәрдемдесу;
 - b) бекітілген кестеге сәйкес дипломдық жобаны даярлау бойынша студенттерге апта сайын консультациялар өткізу және жобаны даярлау барысына тұрақты бақылау жүргізу;
 - c) алынған нәтижелерге жүйелі мониторинг жүргізу, қажетті ұсынымдар беру және өзгерістер мен толықтыруларды енгізу процесін бақылау;
 - d) дипломдық жобаны заңсыз алымдардың (плагиаттың) бар-жоғына тексеру;
 - e) дипломдық жобаны осы академиялық саясаттың талаптарына сәйкес рәсімдеу, сондай-ақ жобаны қорғауға даярлау процесінде студентке консультациялық қолдау көрсету;
 - f) белгіленген мерзімдерде дипломдық жобаға уәждеделген, жан-жақты пікір беру, онда таңдалған тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, түпнұсқалығы, алынған нәтижелердің дұрыстығы мен негізділігі көрсетілуі тиіс; қорытынды жұмыс бойынша пікірде ғылыми жетекші екі нұсқаның бірін ұсынады: 1) жария қорғауға жіберу; 2) жария қорғауға жібермеу;
 - g) қорытынды жұмыстың материалдарын Canvas жүйесіне жүктеу және әрбір материал бойынша өз бағасын жүктеуге дейін қалыптастыру; пікірлер болмаған жағдайда жұмыс әрі қарай тексеруге және бағалауға жіберілмейді;
 - h) бітіру комиссиясының отырысында дипломдық жобаны қорғауға қатысу.
 - 2.7. Ғылыми жетекші тарапынан жүйелі кемшіліктер анықталған жағдайда, ол Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитетінің шешімі негізінде магистрлік диссертациялар мен жобаларға жетекшілік етуден уақытша немесе тұрақты түрде шеттетілуі мүмкін.
 - 2.8. Қорытынды жұмыс дербестік, ішкі біртұтастық, дәйектілік, практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалады.
 - 2.9. Дербестік қағидаты қорытынды жұмыстың автордың өзі тарапынан жеке жазылуын және оның ғылымға қосқан жеке үлесін айғақтауын білдіреді.
 - 2.10. Ішкі біртұтастық қағидаты қорытынды жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелерінің өзара логикалық байланыста болуын, алынған нәтижелер мен

ұсынымдардың қорытынды жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуін білдіреді.

- 2.11. Дәйектілік қағидаты қорытынды жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы алынғанын білдіреді.
- 2.12. Қорытынды жұмыстың практикалық құндылығы қағидаты қолданбалы сипаттағы жұмыста автор алған ғылыми нәтижелерді практикалық пайдалану туралы мәліметтердің келтірілуін, ал теориялық сипаттағы жұмыста ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдардың берілуін білдіреді.

3. САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

- 3.1. Студенттердің қорытынды жұмыстарының сапа менеджменті жүйесі (Quality Assurance) деп осы Академиялық саясатта белгіленген сапаны қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мен талаптардың, алдын ала қорғаудың және Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының (МАК) отырысындағы қорғаудың жиынтығы түсініледі.
- 3.2. Дипломдық жоба дербестік, ішкі біртұтастық, дәйектілік және практикалық құндылық қағидаттарын сақтай отырып орындалады. Дипломдық жобалар Research Report дайындауға нақты үлес қосуы тиіс.
- 3.3. Дипломдық жобаны даярлау кезінде студент академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға міндетті. Студент осы Академиялық саясаттың, сондай-ақ Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны және қорытынды зерттеу процесінде жол берілген плагиат фактілері үшін жауапты болады. Қорытынды біліктілік жұмыста абзац, бөлім немесе жоба/жұмыс тұтастай алғанда бірде-бір пайыз (0 %) плагиат болмауы тиіс.
- 3.4. Дипломдық жобаның дербес орындалуын тексеру тек (айрықша түрде) ғылыми жетекші тарапынан StrikePlagiarism жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Дипломдық жобада плагиаттың анықталуы студентті дипломдық жобаны қорғауға жібермеуге негіз болып табылады.
- 3.5. Нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттардың атауларының, мемлекеттік және өзге де ресми органдар мен ұйымдардың атауларының, тиісті ғылым саласына ортақ жалпыға танылған терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттелетін шығармалар мәтіндерінің сәйкестігі, егер оларды пайдалану көлемі мен сипаты дипломдық жобаның дербестігіне күмән келтірмесе, плагиат болып табылмайды. Плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдануға жол берілмейді.
- 3.6. Дипломдық жоба сауалнамалар, сұрау салулар және эмпирикалық зерттеулердің өзге де түрлерінің нәтижелерін қамтуы мүмкін. Егер студент сауалнама немесе сұрау жүргізуді жоспарласа, ол ғылыми жетекшімен алдын ала келісілген зерттеу форматын және сұрақтар тізбесін Құқық жоғары мектебінің Ғылым комитетіне жолдауға міндетті. Мұндай зерттеуді жүргізу үшін Комитеттің бекітуі міндетті шарт болып табылады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫ

- 4.1. Дипломдық жоба мынадай құрылымдық құрамдас бөліктерден тұрады:
 - a) мұқаба (1-қосымша);
 - b) титулдық бет (2-қосымша);
 - c) мазмұны;
 - d) қысқартулар тізбесі;
 - e) кіріспе;

- f) негізгі бөлім;
 - g) қорытынды;
 - h) библиография;
 - i) қосымшалар (болған жағдайда).
- 4.2. **Мазмұнында** дипломдық жобаның бөлімдерінің (тарауларының), бөлімшелерінің (ішкі тарауларының) және тармақшаларының атаулары, сондай-ақ жұмыстарды орындаудың нақты кезеңдері туралы ақпарат орналасқан беттердің дәл нөмірлері көрсетіледі.
- 4.3. Дипломдық жобаның **кіріспесінде тақырыптың өзектілігі**, дипломдық жобалаудың мақсаты мен міндеттері жан-жақты ашылады; **зерттеудің әдебиетіне және эмпирикалық базасына шолу** беріледі; нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қолданылған зерттеу әдістері түсіндіріледі және **зерттеудің практикалық маңыздылығы** көрсетіледі. Дипломдық жобаның мақсаты оның нәтижесін айқындауы тиіс.
- 4.4. Дипломдық жобаның **негізгі бөлімінде** (бөлімдер саны әртүрлі болуы мүмкін) зерттелетін мәселенің қысқаша тарихы баяндалады; автор жүргізген сұхбаттар, бақылаулар, эксперименттер, есептеулер және алынған нәтижелер сипатталады; жиналған нақты деректер мен әдебиеттерге талдау жасалады; таңдалған мәселені шешу бойынша нақты қорытындылар мен ұсынымдар тұжырымдалады. Негізгі бөлім кестелерді, графиктерді және схемаларды қамтуы мүмкін. Осы бөлімнің мазмұны Research Report даярлау шеңберінде Ғылыми мектеп қойған міндеттерге сәйкес айқындалады. Әрбір бөлімнің соңында автор қысқаша қорытындыларды тұжырымдайды. Жұмыс айқын әдеби тілде, қайталаусыз, орынсыз қысқартуларсыз, жекелеген ережелер арасындағы қайшылықтарсыз жазылып, тақырыпты жүйелі түрде ашуы тиіс. Негізгі бөлімнің көлемі қойылған міндеттің ерекшеліктеріне қарай Ғылыми мектеп тарапынан бекітіледі.
- 4.5. **Қорытындыда** дипломдық жобалау нәтижесінде қол жеткізілген теориялық және практикалық сипаттағы негізгі ережелер ықшам түрде көрсетіледі. Қорытынды жүргізілген зерттеудің логикасынан туындайтын аяқтаушы бөлім болып табылады және негізгі бөлімде жинақталған ғылыми ақпараттың синтезі нысанында беріледі.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

- 5.1. Қорытынды жұмыс электрондық түрде *Microsoft Word* мәтіндік редакторында *.doc* немесе *.docx* файл кеңейтімімен орындалады.
- 5.2. Қорытынды жұмысты даярлау кезеңінде ол А4 форматында (210×297 мм) рәсімделеді. Негізгі мәтін Arial қарпімен, 14 кегльмен, бір интервалмен, қара түсті қаріппен терілуі тиіс. Сілтемелер Arial қарпімен, 10 кегльмен, бір интервалмен, қара түсті қаріппен рәсімделеді. Өріс өлшемдері мынадай болып белгіленеді: сол жақ — 30 мм, оң жақ — 20 мм, жоғарғы — 20 мм, төменгі — 20 мм.
- 5.3. Қорытынды жұмыс рәсімдеудің біркелкілігімен және визуалдық орындалуының жоғары сапасымен ерекшеленуі тиіс. Мәтіннің айқындығы мен біркелкі тығыздығы қамтамасыз етілуі қажет. Түзетулерге, шимайларға, дақтарға, көлеңкеленуге, таңбалардың жайылып кетуіне, сондай-ақ мәтіннің немесе графикалық элементтердің пропорцияларының бұрмалануына жол берілмейді.
- 5.4. Беттерді нөмірлеу титулдық беттен бастап есептеледі, алайда нөмір үшінші беттен бастап қойылады. Техникалық тапсырма беттерді нөмірлеуге енгізілмейді.

- 5.5. Қорытынды жұмыс мәтініне арналған қосымшалар кестелер, схемалар, графиктер, практикалық құжаттар түрінде берілуі мүмкін.
- 5.6. Студенттердің қорытынды жұмысы басып шығарылған және түптелген түрде, сондай-ақ тексеру мақсатында, оның ішінде плагиаттың бар-жоғын анықтау үшін, электрондық түрде ұсынылуы тиіс.
- 5.7. Сілтемелер Oxford University Standard for the Citation of Legal Authorities (OSCOLA), 4th edition талаптарына сәйкес, төменгі сілтемелер түрінде, үздіксіз нөмірлеу арқылы рәсімделеді. Дипломдық жобаның мақсаттарына байланысты OSCOLA талаптарынан болмашы ауытқуға жол беріледі.
- 5.8. Сілтемелер нақтылаушы ақпарат көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мысал: «1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының 2-бабы 1-тармағының а) тармақшасында “халықаралық шарт” ұғымына мынадай анықтама беріледі: “шарт” деп мемлекеттер арасында жазбаша нысанда жасалған және халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім, мұндай келісім бір құжатта, екі немесе бірнеше өзара байланысты құжаттарда қамтылғанына, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан, түсініледі».

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- 6.1. Қорытынды жұмысты даярлау барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалануға жол беріледі, алайда мұндай пайдалану дербестік, академиялық адалдық, дәйектілік және этикалық қағидастар шеңберінде ғана жүзеге асырылуы тиіс. ЖИ зерттеудің жекелеген кезеңдерінің тиімділігін арттыруға арналған қосалқы құрал ретінде ғана қарастырылады және автордың зияткерлік үлесін алмастырмауы тиіс. ЖИ қолдану ғылыми жетекшімен алдын ала келісілгеннен кейін ғана мүмкін болады.
- 6.2. ЖИ-ді қолдануға материалдарды алдын ала даярлау кезеңінде, соның ішінде деректерді жинау, санаттау және бастапқы өңдеу барысында жол беріледі. Сондай-ақ ЖИ технологиялары ақпаратты статистикалық өңдеу, модельдеу немесе талдамалық құралдарды күшейту үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте тұжырымдамалық ережелерді, интерпретацияларды және ғылыми қорытындыларды автордың өзі дербес қалыптастыруы тиіс. Мәтінді жазу кезеңінде ЖИ-ді оқылымдылықты, стильді және тілдік рәсімдеуді жақсарту үшін пайдалануға болады, алайда мазмұндық фрагменттерді жасауға, гипотезаларды, қорытындыларды немесе негіздемелерді тұжырымдауға пайдалануға жол берілмейді.
- 6.3. ЖИ-ді пайдалану академиялық адалдық қағидатын толық сақтауды талап етеді. Автор ЖИ қолдану фактілері туралы ашық әрі айқын түрде хабарлауға міндетті. Қорытынды жұмыста пайдаланылған құралдың атауы, өндірушісі, нұсқасы және қолданылған күні, сондай-ақ ЖИ-дің қандай кезеңдерде және қандай тәсілмен пайдаланылғаны көрсетілуі тиіс. Автор ЖИ көмегімен алынған немесе өңделген деректердің дұрыстығын тексеру әдістерін де түсіндіруге міндетті. Мұндай мәліметтердің болмауы жұмыста ЖИ қолданылмағанын растау ретінде қарастырылады.
- 6.4. ЖИ-ді ғылыми қағидаларды, бастапқы нәтижелерді, авторлық қорытындыларды немесе дербес жұмыстың нәтижесі болып табылуы тиіс өзге де зияткерлік өнімді генерациялау үшін пайдалануға жол берілмейді. ЖИ-ді плагиатты жасыру, алынған мәтіндерді синтаксистік тұрғыдан өзгерту, деректерді қолдан жасау немесе бұрмалау мақсатында қолдануға, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді немесе құпиялылық белгісі бар материалдарды қамтитын жұмыстарда пайдалануға тыйым салынады. Жеке

деректермен жұмыс істеу кезінде, әсіресе 13 жасқа дейінгі балаларға қатысты зерттеу жобаларында, ерекше шектеулер қолданылады.

- 6.5. Автор ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін, сондай-ақ процестің барлық қатысушыларының белгіленген нормаларды сақтауына жауапты болады. Автор барлық нәтижелердің сенімділігін, негізділігін және тексерілетіндігін қамтамасыз етуге, ЖИ-мен жұмыс істеудің ашық әдіснамасын ұсынуға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге міндетті.

II. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Қорытынды біліктілік жұмысының нәтижелерін бағалау Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (МАК) арқылы жүзеге асырылады. МАК құрамы білім беру бағдарламасының бейіні мен қорғауға ұсынылатын қорытынды жұмыстардың тақырыптамасын ескере отырып қалыптастырылады. МАК құрамы Университеттің Академиялық және зерттеу кеңесінің шешімімен бекітіледі. МАК құрамында міндетті түрде қорытынды жұмыстардың даярлық бағыты бойынша кемінде екі маман болуы тиіс.
- 1.2. Қорытынды жұмысты қорғау жөніндегі МАК қызметі екі бөліктен тұрады: 1) қорытынды жұмысты бағалау; 2) қорытынды жұмыстың ауызша қорғалуын бағалау. Қорытынды жұмысты бағалау жазбаша қорытынды жұмыстан және ауызша баяндама нәтижелерінен тұрады, олардың жиынтық салмағы 100% құрайды. Салмақтық коэффициенттер мынадай түрде бөлінеді: қорытынды жұмысты даярлау – **60%**, ауызша баяндама – **40%**.
- 1.3. Ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда қорытынды жұмыс бағалауға және қорғауға жіберілмейді. Ғылыми жетекшінің «қорғауға жібермеу» туралы шешімімен келіспеген студент Ғылым комитетіне жазбаша түрде жүгінуге құқылы. Ғылым комитеті студенттің өтініші бойынша уәждеделген қорытынды береді.
- 1.4. Қорытынды жұмыстың ғылыми жетекшісі МАК мүшесі болып табылған жағдайда, ол осы жұмысты бағалаудан шеттетіледі.

2. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ

- 2.1. Алдын ала қорғау рәсімінен сәтті өткен қорытынды жұмыстар МАК жұмысы басталғанға дейін кемінде үш апта бұрын ғылыми жетекшілер тарапынан МАК хатшысына бағалау үшін жолданады. Қорытынды жұмысты бағалау кезінде МАК мүшелеріне 3-қосымшада көрсетілген сапа индикаторларын басшылыққа алу ұсынылады.
- 2.2. Тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасы әрбір студент үшін 100% шегінде жеке-жеке баға қояды. Қорытынды жұмыс бойынша баға тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасының бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде қалыптастырылады.
- 2.3. МАК мүшелерінің бағалары жеке хаттамаларда тіркеледі.
- 2.4. Студент бағалау нәтижелері бойынша түсіндірме беруді сұраған жағдайда, комиссия қойылған бағаға қатысты жан-жақты түсіндірме беруге міндетті.
- 2.5. Ашық қорғау барысында студенттер зерттеудің мақсатын, таңдалған проблеманың негізділігін, оны практикалық тұрғыдан шешу қажеттілігін және алынған нәтижелерді ұсынады. Студент міндетті түрде өзінің жұмысының ағымдағы академиялық кезеңдегі Research Report-қа қосқан үлесін көрсетуі тиіс,

- бұл Ғылыми мектептің есебінде расталуы қажет. Баяндама жасау үшін студентке 10 минутқа дейін уақыт беріледі.
- 2.6. МАК отырысында ғылыми жетекшінің пікірі тікелей өзі тарапынан, ал Ғылыми мектептің қорытындысы Ғылыми мектеп өкілі немесе МАК хатшысы тарапынан жария етіледі. Ғылыми жетекші (ғылыми жетекшілер) МАК отырысына қатыспаған жағдайда, қорытынды жұмыс ашық қорғаудан алынады. Ерекше мән-жайларға байланысты айрықша жағдайларда, ғылыми жетекшінің оң пікірі болған кезде, оның қатысуынсыз да қорытынды жұмысты ашық қорғауға жол беріледі.
 - 2.7. МАК хатшысы сыртқы рецензенттің рецензиясын жариялайды. Студентке рецензияда көрсетілген негізгі ескертпелерге түсініктеме беру мүмкіндігі ұсынылады.
 - 2.8. Білім алушылар Ғылыми мектептің оң немесе теріс қорытындысына қарамастан қорытынды жұмысты қорғауға жіберіледі.
 - 2.9. Қорытынды жұмысты ашық қорғау барысында қатысушылар сұрақтар қоя алады, ал студенттер компьютерлік презентациялар, схемалар, кестелер, графикалық бейнелер және статистикалық деректерді пайдалана отырып жауаптар мен түсіндірмелер бере алады.
 - 2.10. МАК хатшысы МАК мүшелері тарапынан студенттерге қойылған барлық сұрақтарды және оларға берілген жауаптарды толық көлемде тіркейді.
 - 2.11. Қорытынды жұмыстың сәтті қорғалғаны туралы шешім МАК отырысының хаттамасымен ресімделеді.
 - 2.12. Қорытынды жұмысты қорғау қорғаушының қорытынды сөз сөйлеуімен аяқталады, онда ол талқылау барысында айтылған ескертпелер мен ұсынымдарға қатысты өз пікірін білдіруге құқылы.
 - 2.13. Ресми алдын ала қорғау және қорғау ресімдерін өткізу барысында міндетті түрде аудио-бейне тіркеу жүргізіледі.
 - 2.14. Дипломдық жобаларды/жұмыстарды қорғау аяқталғаннан кейін МАК жабық отырыс режимінде жұмысын жалғастырады. Жабық отырыс барысында МАК мүшелері: әрбір қорытынды жұмысты қорғау нәтижелерін бағалайды; әрбір студенттің жұмысты даярлауға қосқан үлесін айқындайды; жоғары білім туралы диплом беру туралы шешім қабылдайды және хаттаманы ресімдейді.
 - 2.15. Бағалау кезінде МАК мүшелеріне 4-қосымшада көрсетілген сапа индикаторларын басшылыққа алу ұсынылады.
 - 2.16. Тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасы әрбір студент үшін 100% шегінде ауызша қорғау бойынша жеке-жеке баға қояды. Ауызша қорғау бойынша баға тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасының бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде қалыптастырылады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 3.1. Қорытынды жұмысты қорғау бойынша МАК-тың **қорытынды бағасы қорытынды жұмысты даярлау (60%) және қорытынды жұмыстың ауызша қорғалуы (40%)** бойынша бағалардан қалыптастырылады.
- 3.2. Қорытынды жұмыстарды қорғау нәтижелері, біліктілік беру және жоғары білім туралы дипломдарды беру жөніндегі шешімдер тиісті хаттамалар ресімделгеннен кейін сол күні жария етіледі.
- 3.3. «Қанағаттанарлықсыз» баға алған тұлғаларға осы қорытынды аттестаттау кезеңінде дипломдық жобаны/жұмысты қайта қорғауға жол берілмейді.
- 3.4. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлға келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын, бірақ бір жылдан ерте

- емес мерзімде, Провосттың атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өтініш береді.
- 3.5. Қорғалған қорытынды жұмыстар келесі оқу жылына дейін Университеттің кітапханасына уақытша сақтауға беріледі. Дипломдық жобаларды/жұмыстарды сақтау Университет архиві арқылы жүзеге асырылады. Дипломдық жобаның/жұмыстың сұранысқа ие болуына байланысты тұрақты сақтау Университет кітапханасына жүктелуі мүмкін.
- 3.6. Қорытынды жұмысты қорғау нәтижелері (қорытынды жұмыстың бағасы және ауызша қорғаудың бағасы) қорғау өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей шағымданылуы мүмкін. Апелляцияға тек осы Академиялық саясат талаптарының бұзылуы негіз бола алады. Апелляция жүргізу үшін Жоғары мектеп директорының бұйрығымен осы білім саласы бойынша кемінде үш маманнан тұратын, қорытынды жұмысты қорғау процесіне қатыспаған комиссия құрылады. Апелляцияны қарау барысында комиссия мүшелері студенттің өтінішінде көрсетілген негіздерді тексеріп, апелляцияны қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы қайта ресімделеді. Бұл ретте бастапқы хаттаманың нәтижелері «Баға № __ хаттамамен _____ күні ____ бетте қайта қаралды» деген жазбамен жойылады және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия отырысы барысында өтініш беруші (өтініш берушілер) түсіндірмелер беруге құқылы, ал комиссия мүшелері оларды тыңдауға міндетті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY» АҚ
ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

тақырыбы: « _____ »

Білім беру бағдарламасы: 6B04201 Құқықтану

6B04202 Халықаралық құқық

6B04203 Құқық және құқық қорғау

қызметі

Студенттің Т.А.Ә.

Астана, 2025

«КЕЛІСІЛДІ»

Білім беру басқармасының
жетекшісі

_____ 2025 ж.
«__» _____

«БЕКІТЕМІН»

Құқық жоғары мектебінің
директоры, PhD
_____ Бектибаева О.С.
«__» _____ 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

тақырыбы: «_____»

Білім беру бағдарламасы: 6B04201 Құқықтану

6B04202 Халықаралық құқық

6B04203 Құқық және құқық қорғау
қызметі

Студенттің Т.А.Ә.

Астана, 2025

ҚОРЫТЫНДЫ ЖҰМЫСТЫ ДАЯРЛАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерийі	Өте жақсы (90–100)	Жақсы (70–89)	Қанағаттанарлық (50–69)	Қанағаттанарлықсыз (0–49)
1.	Зерттеу және білім деңгейі	Студент материалды өте жақсы меңгергенін және пәндік саланы терең түсінетінін көрсетті. Зерттеу жан-жақты әрі мұқият жүргізілген.	Студент пәндік саланы жақсы түсінетінін көрсетті. Зерттеу ауқымды жүргізілген.	Студент пәндік саланы қанағаттанарлық деңгейде түсінетінін көрсетті. Зерттеу ақылға қонымды шектерде жүргізілген. Жұмыста болмашы қателер болуы мүмкін.	Студент материалды үстірт меңгерген. Зерттеу шектеулі жүргізілген. Жұмыста елеулі дәлдік қателері бар.
2.	Аргументацияның сапасы	Өзектілік, сыни ойлау және дәлелдеу деңгейі өте жоғары. Жұмыс ақпараттандырылған әрі дербес ойлауды көрсетеді. Қорытындылар нанымды дәлелдермен негізделген.	Материал өзекті және жақсы фокусталған. Сыни талдау мен дербес ойлаудың жоғары деңгейі байқалады.	Материал өзекті, бірақ сипаттамалық сипат басым. Сыни талдау деңгейі қанағаттанарлық, дереккөздер шектеулі.	Жұмыс көмескі әрі сипаттамалық. Сыни талдау деңгейі төмен немесе мүлде жоқ.
3.	Құрылым және логикалық үйлесім	Құрылымы өте жақсы. Ой қорыту айқын әрі жүйелі. Кіріспе мен қорытындысы мықты.	Құрылымы жақсы. Ой қорыту негізінен жүйелі. Кіріспе мен қорытындысы жақсы.	Құрылымда жоспарлау белгілері бар, бірақ ой қорыту жүйелілігі жеткіліксіз.	Құрылымдау мен жоспарлау айтарлықтай жетілдіруді қажет етеді. Ой қорыту жүйелілігі жоқ.
4.	Презентация, грамматика және стиль	Грамматикасы мен баяндауы өте жақсы. Мәтін анық әрі академиялық тұрғыдан қабылдауға жарамды тілде жазылған.	Грамматика мен стиль жақсы деңгейде.	Грамматикасы мен баяндауы қанағаттанарлық деңгейде.	Презентациясы мен грамматикасы әлсіз, орфографиясы мұқият өңдеуді қажет етеді.
5.	Сілтемелер мен библиография	Сілтемелер дұрыс әрі толық. Библиография толық және дұрыс рәсімделген.	Сілтемелер дәл. Библиография негізінен толық әрі дұрыс рәсімделген.	Сілтемелер жалпы алғанда дұрыс. Библиография толық емес және жетілдіруді қажет етеді.	Сілтемелер дұрыс рәсімделмеген. Библиография мазмұны мен дәлдігі бойынша талапқа сай емес.

АУЫЗША ҚОРҒАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерийі	Өте жақсы (90–100)	Жақсы (70–89)	Қанағаттанарлық (50–69)	Қанағаттанарлықсыз (0–49)
1.	Баяндаманың сапасы	Студент тақырыпты еркін меңгерген, ойларын анық жеткізеді, аудиториямен байланыс орнатады.	Студент тақырыпты еркін меңгерген, алайда мазмұнды түсінуге кедергі келтірмейтін жекелеген дәлсіздіктерге жол береді.	Студент тақырыпты жеткілікті деңгейде меңгермеген, ойды жеткізу барысында қиындықтарға тап болады, слайд мәтініне шамадан тыс сүйенеді.	Студент мәтінді оқып береді, қателіктер жібереді.
2.	Жауаптың дұрыстығы	Құқық нормаларын жалпыға танылған, ұсынылатын түсіндіру тұрғысынан дұрыс жауап береді.	Құқық нормаларын жол берілетін кеңейтілген немесе шектеулі түсіндіру шеңберінде мүмкін болатын жауап береді.	Құқық нормаларын жол берілетін кеңейтілген немесе шектеулі түсіндіру шеңберінде мүмкін болатын жауап береді.	Құқық нормаларын жол берілетін түсіндіру шеңберінде мүмкін емес жауап береді.
3.	Жауаптың толықтығы	Қойылған барлық сұрақтарға толық әрі егжей-тегжейлі жауап береді.	Кемінде бір сұраққа толық жауаптың болмауы.	Қойылған сұрақтардың жартысынан астамына толық жауап береді.	Қойылған сұрақтардың жартысынан астамына толық жауап берілмейді.
4.	Аргументацияның сапасы	Әрбір сұрақ бойынша құқық нормаларын, доктринаны және прецеденттерді дұрыс әрі үйлесімді қолдана отырып, жан-жақты негіздеу жасайды.	Әрбір сұрақ бойынша құқық нормаларын дұрыс әрі үйлесімді қолдана отырып негіздеу жасайды.	Құқық нормаларын қолдануда жекелеген дәлсіздіктер, әртүрлі сұрақтар бойынша аргументациядағы болмашы алшақтықтар бар.	Қойылған сұрақтардың жартысынан астамы бойынша құқық нормаларын қолдануда дәлсіздіктер бар, аргументациядағы алшақтықтар екіұшты шешімдерге әкеледі.